

## Мәслихаттан шыққан депутаттардың орнына кандидаттардың үгітпе баспа материалдарын орналастыру орындары туралы

### *Күшін жойған*

Көкшетау қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N А-3/324 қаулысы. Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 13 наурыздағы N 1-1-40 тіркелді. Күші жойылды - Көкшетау қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 12 мамырдағы № А-5/756 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Көкшетау қаласы әкімдігінің 2010.05.12 № А-5/756 қаулысымен*

1995 жылғы 28 қыркүйектегі N№2464 "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңның 28 бабы 6 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақмола облысы бойынша сайлау комиссиясының 2006 жылғы 6 ақпандағы N 43 "Ақмола облыстық мәслихатынан шыққан депутаттардың орнына депутаттарды сайлауды белгілеу туралы" шешімін орындау үшін қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкшетау қаласында мәслихаттан шыққан депутаттардың орнына кандидаттардың үгітпе баспа материалдарын орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын.

2. Көкшетау қаласының әділет Басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен уақыттан бастап күшіне енеді.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Қ. Құлышевқа жүктелсін.

### *Қала әкімі*

Қ а л а                    ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 6    ж ы л ғ ы    9    н а у р ы з д а ғ ы

N А-3/324 қаулысына қосымша

**Мәслихаттан шыққан депутаттардың орнына кандидаттардың үгітпе баспа материалдарын орналастыру орындары**

№№	Сайлау алды үгіт-насихат жүргізу үшін үгітпе баспа материалдарын орналастыру үшін конструкциялардың орналасқан орындары мен мекен-жайлары
1.	Т у м б а - в е т р и н а : - Абай көшесі, 86 үй, "Кондитер" ЖШС ауданы - Кенесары көшесі, 89 "а" үй, "Көкшетау электр желілері" ЖШС ауданы
2.	

	<p>А қ п а р а т к а л қ а н д а р ы :</p> <p>- Абай көшесі, 48 үй, "Көктем" Сауда үйі" ЖШС ауданы</p> <p>- Сәтпаев көшесі, 85 үй, Ақмола облысы Денсаулық сақтау Департаменті "№1 қалалық аурухана" М К Қ К а у д а н ы</p> <p>- Кенесары көшесі, 191 үй, "Достық" ТШС ауданы</p> <p>- Куйбышев көшесі, 112 үй, "Ақмола облыстық ветеринарлық зертхана" РМҚК ауданы</p>
3.	<p>Автобус аялдамаларындағы ақпараттық қалқандар</p> <p>Горький көшесі бойында: "Тігін фабрикасы", "Отан", "Қалалық аурухана";</p> <p>Қуанышев көшесі бойында: "Потанин", "Янко";</p> <p>Чкалов көшесі бойында: "Құрылысшылар поселкесі";</p> <p>Жайлау» шағын ауданы: "Жайлау 2"</p> <p>Кенесары көшесі бойында: "N 21 орта мектеп";</p> <p>Пугачев көшесі бойында: "Облыстық аурухана".</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК